



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР ҮНИВЕРСИТЕТИ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ  
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY OF ARTS

ҚАЗАҚСТАН. ӨНЕР. ТҮЛФА



МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВ  
БИОБИБЛИОГРАФИЯ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТИ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ  
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY OF ARTS

ҚАЗАҚСТАН. ӨНЕР. ТҮЛФА

МЫРЗАТАЙ ЖОЛОДАСБЕКОВ  
Биобиблиография

MYRZATAY ZHOLODASBEKOV  
Bibliographic

Астана, 2017

**УДК 016:929**  
**ББК 91.28**  
**Ж-791**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Қазақ Үлттүк өнер университетінің оқу-әдістемелік кеңесі  
2017 жылы 4 қыркүйекте ұсынған*

Рецензенттер:

**Д.Қыдырәлі** – тарих ғылымдарының докторы, КР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі  
**Ш.Қойлыбаев** – филология ғылымдарының кандидаты

Жауапты редакторы:

**Ғ.Т. Исахан** – Ақпараттық-кітапхана қызметінің басшысы

Құрастыруышы:

**Ғ.Б. Исақанова** – Анықтама-библиографиялық және ақпараттық жұмыс бөлімінің жетекшісі

**Ж-791 Мырзатай Жолдасбеков:** Биобиблиографиялық көрсеткіш /  
Ғ.Т. Исахан, Ғ.Б. Исақанова. – Астана: ҚазҰӨУ Редакциялық-басылым бөлімі, 2017. – 226 б.: сур. [Серия «Қазақстан. Өнер. Тұлға»].

Ақпараттық-кітапхана қызметі «**Қазақстан. Өнер. Тұлға**» сериясымен құрастырылған биобиблиографиялық көрсеткіш мемлекет және қоғам қайраткері, түрколог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбековтың өмірі мен шығармашылығына арналып отыр.

Биобиблиографиялық көрсеткіш ғалымдарға, ізденушілерге, оқытушыларға, студенттерге және көпшілік оқырман қауымға арналады.

ББК 91.28  
УДК 016:929

ISBN

© Қазақ Үлттүк өнер университеті, 2017  
© Ақпараттық-кітапхана қызметі, 2017

**УДК 016:929**  
**ББК 91.28**  
**Ж-791**

*Рекомендовано к изданию Учебно-методическим советом  
Казахского Национального университета искусств от 4 сентября 2017 года*

Рецензенты:

**Д.Кыдырали** – доктор исторических наук, член-корреспондент НАН РК  
**Ш.Койлыбаев** – кандидат филологических наук

Ответственный редактор:

**Г.Т. Исахан** – руководитель Информационно-библиотечной службы

Составитель:

**Г.Б. Исаканова** – Заведующий отделом справочно-библиографической и информационной работы

**Ж-791 Мирзатай Жолдасбеков:** Биобиблиографический указатель /  
F.T. Исахан, F.B. Исақанова. – Астана: КазНУИ Редакционно-издательский  
отдел, 2017. – 226 с.: портр. [Серия «Казахстан. Искусство. Личность»].

Предлагаемый биобиблиографический указатель посвящен доктору  
филологических наук, профессору, ученому-туркологу, государственному  
и общественному деятелю Мирзатаю Жолдасбекову.

Биобиблиографический указатель предназначен для студентов,  
преподавателей, научных работников и широкого круга читателей.

ББК 91.28  
УДК 016:929

ISBN

© Казахский Национальный университет искусств, 2017  
© Информационно-библиотечная служба, 2017

**BBK 91.28**

**UDC 016: 929**

**Zh-791**

*Recommended for publication by the Educational and Methodological Council of Kazakh National University of Arts September 4, 2017*

Reviewers:

**D.Kdirali** – Doctor of Historical sciences, Corresponding Member of NAS of RK

**Sh. Koylybaev** – Candidate of Philological sciences,

Chief editor:

**Gaziza Issakhan** – Head of the Information and Library Service

Compiler:

**Galiya Issakanova** – Head of the Department of Reference and Bibliographic, Information Work

**Zh-791 Myrzatay Zholdasbekov:** bibliographic al reference / G.T. Isahan, GB. Isanova. – Astana: KazNUA Editorial and Publishing Department, 2017. – 226 c.: portr. [Series «Kazakhstan. Art. Personality»].

The present bibliographical reference is dedicated to the Doctor of philological sciences and professor, turcologist, state and public figure Myrzatay Zholdasbekov. The book is intended to students, teachers, researchers and a wide range of readers.

BBK 91.28

UDC 016: 929

ISBN

© Kazakh National University of Arts, 2017

© Information and Library Service, 2017

## Алғысөз

Қазақ Ұлттық өнер университеті «Қазақстан. Өнер. Тұлға» сериясымен ұлттық элита өкілдерінің биобиографиясы оқырман қауымға жол тарта бастады.

Серияның кезекті шығарылымы мемлекет және қоғам қайраткері, түрколог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбековке арналып отыр.

Мырзатай Жолдасбеков – 2011 жылдан Қазақ Ұлттық өнер университеті жанындағы Қорқыт ата атындағы ғылыми-зерттеу институтының директоры, «Күлтегіннен – Ұлттық жаңғыруға» дейінгі ұстаздық өнегесін шәкірттеріне үйретіп, өзіндік мектебін қалыптастырып, «Дәстүрлі өнер» факультетінен айтыс, жыраулық өнер бөлімдерін ашуға аянбай атсалысқан айтулы тұлға.

Биобиографияда біртуар ғалымның 1960 жылдан басталған шығармашылығын қамтитын материалдар, еңбек жолы мен қоғамдық қызметінің негізгі кезеңдерін қамтитын мәліметтер топтастырылды. Бұл басылым ұстаз-ғалым еңбектерін зерттеуші жастарға, көпшілік оқырманға таптырмас құрал болары анық.

Ғалымның еліміздің ғылымы мен білім беру ісін, мәдениетін дамытудағы және ел тәуелсіздігін баянды етудегі еңбегі жас ұрпаққа үлгі-өнеге.

Ел сенімінің көкжиегінен көріне берініз, Мырзатай аға!

Қазақ Ұлттық өнер университеті  
ректоры, профессор

А.Мұсахаджаева

## Предисловие

Казахский национальный университет представляет для читателей выпуск серии «Қазақстан. Өнер. Тұлға» с биобиблиографией представителей национальной элиты.

Очередной выпуск серии посвящен государственному и общественному деятелю, ученому-тюркологу, доктору филологических наук, профессору Мырзатаю Жолдасбекову.

Мырзатай Жолдасбеков является директором научно-исследовательского института им. Коркытата при Казахском национальном университете искусств с 2011 г. Известная личность, обучившая своих последователей традиции преподавания – «Құлтегіннен – Ұлттық жанғыруға», тем самым сформировав свою школу, активно принимал участие в открытии специальностей Айтыс и Искусство жырау на факультете «Традиционное искусство».

В биобиографии были сгруппированы материалы, включающие работы выдающегося ученого с 1960 года, основные периоды его общественной и трудовой деятельности. Это издание очевидно станет незаменимым инструментом для широкого круга читателей, а также для будущего поколения, изучающего работы ученых-преподавателей.

В настоящее время усилия ученого по развитию науки, образования, культуры и независимости страны являются образцовыми для молодого поколения.

Пусть ваше наследие останется в памяти народа, Мырзатай ага!

Ректор Казахского национального  
университета искусств, профессор

А.Мусахаджаева

## Foreword

The Kazakh National University presents for the readers the issue of the series “Қазақстан. Өнер. Тұлға” with a biography of representatives of the national elite.

The next issue of the series is dedicated to the state and public figure, the scientist-turkologist, doctor of philology, professor Myrzatay Zholdasbekov.

Myrzatay Zholdasbekov is the director of the Scientific Research Institute named after Korkyt ata at the Kazakh National University of Arts since 2011. A well-known personality, who trained his followers in the tradition of teaching – «Күлтегіннен – Ұлттық жанғыруға», thereby forming his own school, actively took part in the opening of Aitys and Zhyrau art at the Faculty of Traditional Art.

In the biobibliography were grouped materials, including the work of an outstanding scientist since 1960, the main periods of his social and work activities. This publication will obviously become an indispensable tool for a wide range of readers, as well as for the future generation studying the work of academic scholars.

At present, the scientist's efforts to develop science, education, culture and independence of the country are exemplary for the younger generation. Let your heritage remain in the memory of the people, Myrzatai aga!

Rector of the Kazakh National  
University of Arts, Professor

A.Mussakhajayeva

“ Ел мүддесін жақтап білмен, еф танылмайды.  
Еф танылмай тұрғып, елі танылмайды.

М.Жолдасбеков

“ Не будет признан храбрец, не умеющий отстаивать  
интересы народа,  
Не будет признан народ, не имеющий признанных  
сынов.

М.Жолдасбеков

“ He will not be recognized as a brave man who can  
not defend the interests of the people,  
People who do not have recognized sons will not be  
recognized.

M.Zholdasbekov

## ОҚЫРМАНҒА

Ұсынылып отырған көрсеткіш мемлекет және қоғам қайраткери, Төтенше және Өкілетті Елші, түрколог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ Ұлттық өнер университеті жанындағы Қорқыт ата атындағы ғылыми-зерттеу институтының директоры Мырзатай Жолдасбековке арналған.

Библиографияға ғалымның өмірі мен еңбектерін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер, фотогалерея енгізілді. Көрсеткіште қазақ, орыс және шет тілдерінде жарық көрген әдебиеттер хронологиялық тәртіппен орналасқан. Әр жылдары жарияланған еңбектері алфавит ретімен беріліп отыр. Авторлардың әліпбилік көрсеткішінде сілтемелер хронологиялық көрсеткіштегі еңбектердің рет санымен берілген.

Биобиблиографиялық көрсеткішті құрастыруда Қазақ Ұлттық өнер университетінің кітапхана қоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының қорындағы «М.Жолдасбековтың мемориалды кітап топтамасы», Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағатының қоры, интернет материалдары пайдаланылды. Сонында көмекші құрал: авторлардың әліпбилік көрсеткіші берілген.

## К ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый биобиблиографический указатель посвящен видному общественному и государственному деятелю, Чрезвычайному и Полномочному Послу, доктору филологических наук, профессору, ученному-туркологу, директору научно-исследовательского института имени Коркыт ата при Казахском Национальном университете искусств Мырзатаю Жолдасбекову.

В библиографию включены документы о жизни и трудах ученого, фотогалерея. В данном указателе в хронологическом порядке расположены произведения, вышедшие в свет на казахском, русском и иностранном языках.

При составлении биобиблиографического указателя использованы

материалы из фондов библиотеки Казахского Национального университета искусств, «Мемориальной книжной коллекции М.Жолдасбекова» Национальной академической библиотеки Республики Казахстан, фондов Национального архива Республики Казахстан, Интернета.

На последней странице указателя обозначен вспомогательнық материал: алфавитный указатель авторов.

## TO READERS

This bibliographical reference is dedicated to a public and state figure, the Ambassador Extraordinary and Plenipotentiary, Doctor of philological sciences and professor, turcologist, Director of Research Institute named after Korkyt Ata at the Kazakh National University of Arts Myrzatay Zholdasbekov.

The reference includes documents about life, proceedings and photos of scientist. All works in this reference is written in chronological order and which have been published in Kazakh, Russian and other foreign languages.

In compiling the bibliographical reference materials are used from the Library collection of the Kazakh National University of Arts, “Memorial Book Collection of M.Zholdasbekov” of the National Academic Library of the Republic of Kazakhstan, and the Funds of the National Archives of the Republic of Kazakhstan.

On the last page of book includes index and notes.

**МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ,  
ТӨТЕНШЕ ЖӘНЕ ӘКІЛЕТТІ ЕЛШІ, ТҮРКОЛОГ-ФАЛЫМ,  
ФИЛОЛОГИЯ ФЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,  
ПРОФЕССОР МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВТЫң  
ӘМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТИНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**

Мырзатай Жолдасбеков 1937 жылы 27 мамырда  
Жамбыл облысы Талас ауданы Ақтөбе ауылында дүниеге келген

1944-1954. Жамбыл облысы Ақтөбе ауылында бастауыш мектепке барып, Жамбыл облысы Қаратай каласында орта мектепті бітірді.

1954-1955. Жамбыл облысы, Ақкөл ауылдық кенесінің хатшысы.

1955-1960. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеттінің филология факультетін бітірді.

1960-1964. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетті қазақ әдебиеті кафедрасының ассисенті.

1964-1967. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетті қазақ әдебиеті кафедрасының аспиранты.

1969. «Көне түркі ескерткіштер: және олардың қазақ әдебиетіне қатысы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

1970-1974. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетті қазақ әдебиеті кафедрасының ага оқытушысы, доценті.

1974-1977. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетті филология факультетінің деканы.

1977-1987. І.Жансұгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтының ректоры.

1987-1988. Қазақ ССР оқу министрі, білім министрінің бірінші орынбасары.

1988-1989. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология бөлімі менгерушісінің бірінші орынбасары.

1989-1990. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті идеология бөлімінің менгерушісі.

1990. Қазақ ССР Президенттік Кеңесінің мүшесі.

1990-1991. Қазақ ССР әлеуметтік даму мәселелері бойынша мемлекеттік кеңесші.

1990-1991. Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Халық депутаты.

1991-1993. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары.

1993. Қазақстан Республикасы Президенттінің кеңесшісі.

1993-1996. Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі.

1996-1997. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жанындағы Дипломатиялық жоғары мектебінің ректоры.

1997-2000. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жанындағы Дипломатиялық академияның ректоры.

2000-2004. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректоры.

2004-2006. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанындағы «Еуразия» гуманитарлық зерттеулер ғылыми орталығының директоры.

2006-2011. Қазақстан Республикасы Президенттік мәдениет орталығының директоры.

2010 жылдан бастап Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Түріктану кафедрасының менгерушісі.

2012. Қазақ ұлттық өнер университеті жанындағы Қорқыт Ата атындағы ғылыми-зерттеу институтының директоры.

## Атақтары мен марапаттары

### Мемлекеттік Марапаттары

- «Халықтар достығы» ордені (1986, тамыз).
- «Құрмет» ордені (1996, желтоқсан).
- «Парасат» ордені (2005, желтоқсан).
- III дәрежелі «Барыс» ордені (2011, желтоқсан).
- I дәрежелі «Барыс» ордені (2017, мамыр).

### Мерейтойлық медальдары

- «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 10 жыл» медалі (2001, желтоқсан).
- М.А. Шолоховтың туғанына 100 жыл» ескерткіш медалі (Ресей. Мәскеу, 2004, қыркүйек).
- «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл» медалі (2005, тамыз).
- «Қазақстан Республикасы Парламентіне 10 жыл» медалі (2006, қантар).
- «Астанаға 10 жыл» медалі (2008, маусым).

- «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» медалі (2011, желтоқсан).
- «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» медалі (2016, желтоқсан).
- «Еуразия университетіне 20 жыл» медалі (2016, мамыр).

## Ғылыми атақтары

- Филология ғылымдарының кандидаты. «Көне түркі ескерткіштер: және олардың қазақ әдебиетіне қатысы» («Древнетюркские литературные памятники и их отношение к казахской литературе») тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын 1969 жылы Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінде қорғады. Ғылыми жетекші: Б. Кенжебаев (Алматы қаласы).
- Жоғары аттестация комиссиясының (ЖАК) шешімімен доцент атағы берілді (1973, қазан).
- Филология ғылымдары докторы. «Жамбыл және оның ақындық ортасы» («Жамбыл и его поэтические традиции») тақырыбында 1993 жылы докторлық диссертация қорғады. Ғылыми жетекші: З. Қабдолов. (Бішкек қаласы).
  - ЖАК-тың шешімімен профессор ғылыми атағы берілді (1993, шілде).
  - И.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің құрметті профессоры (1994, желтоқсан).
- Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің құрметті профессоры (1995, қантар).
  - Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының «Әдебиеттану» мамандығы бойынша корреспондент мүшесі (1995, сәуір).
  - К.А. Яссайи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің құрметті профессоры (1997, қыркүйек).
    - Халықаралық ғылым академиясы жоғарғы мектебінің академигі (Ресей. Мәскеу. 2000, желтоқсан).
    - Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университеті құрметті профессоры (2001, тамыз).
      - Халықаралық Шыңғыс Айтматов академиясының академигі (2003).
      - М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің құрметті профессоры (2004, ақпан).
        - Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының құрметті профессоры (2004, қараша).
        - Ө.А. Байқоныров атындағы Жезқазған мемлекеттік университетінің құрметті профессоры (2005, қыркүйек).

- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің құрметті профессоры (2005, тамыз).
- М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің құрметті профессоры (2007, мамыр).
- Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының құрметті профессоры (2009, мамыр).
- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің құрметті профессоры (2009, желтоқсан).
- Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының құрметті профессоры (2015, 2015 қазан).

### Құрметті атақтары

- «Қазақ қаһармандары» жылының лауреаты» атанды (1991).
- Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәреже берілді (1994, қараша).
- «Алтын адам» белгісі (2006, ақпан).
- «Жыл адамы» атағы (2016, қантар).

### Қоғамдық қызметтері

- СССР Журналистер Одағының мүшесі (1964, қантар).
- Талдыкорған облыстық советінің халық депутаты (1984).
- Қазақстан Республикасының Гылым министрлігі – гылымакадемиясы ғылыми кадрларды аттестациялау департаменті президумының мүшесі (1990).
- «Еуразия ғалымдары Одағы» қоғамдық қорының президенті (2005).
- Қазақстан Республикасында демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу мен нақтылау жөніндегі Мемлекеттік комиссия мүшесі (2007).
- ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық комиссиясының мүшесі (2008).
- Республикалық ақындар айтысы қазылар алқасының төрағасы (2011).
- «Хабар» Агенттігі АҚ тәуелсіз директорлар кеңесінің мүшесі (2014).
- Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттардың мемлекеттік тілді еркін менгергендігін анықтау жөніндегі лингвистикалық комиссия мүшесі (2010, наурыз).
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінде

Мәдениет және спорт мәселелері бойынша қоғамдық кеңестің төрағасы (2016, сәуір).

- Жер реформасы жөніндегі комиссия мүшесі (2016, мамыр).
- «Қазақстан» ұлттық телеарнасы тәуелсіз директорлар кеңесінің мүшесі (2017).
- Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі (2017, сәуір).
- Қазақстан халқы Ассамблеясы тәуелсіз директорлар кеңесінің мүшесі (2017).
- Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі.

### Қоғамдық марапаттары

- Бүкілодақтық «Білім» қоғамының «Құрмет кітабына» енген (Мәскеу, 1986, желтоқсан).
- «Қазақстан Республикасы туризмінің құрметті қызметкері» белгісі берілді (2002, қыркүйек).
- «Құлтегін» атындағы Халықаралық сыйлығының иегері (2004, маусым).
- «Қазақстан Республикасының ғылыми дамытуға сінірген еңбегі үшін» белгісінің иегері (2007, мамыр).
- «Алтын қыран» төсбелгі (2012, мамыр).
- Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Ұлағат» алтын медалінің иегері (2016, ақпан).
- «Тәуелсіздіктің 25 жылдығына «Тәуелсіздік. Әдебиет. Қаламгер» атты шығармашылық конкурсының «Үздік жазушы» номинациясы – дипломының иегері (2016, қараша).
- Нұр Отан партиясының төсбелгісі (2016, желтоқсан).
- TWESCO Түркі әлемі ғылыми сінірген ерен еңбегі мен бауырлас халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі үшін алтын медальмен марапатталды (2017, маусым).

### Құрметті азамат

- Жамбыл облысы (2003, мамыр).
- Астана қаласы (2007, мамыр).
- Алматы қаласы (2016, қыркүйек).

# **ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО И ОБЩЕСТВЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ, УЧЕНОГО-ТЮРКОЛОГА, ДОКТОРА ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРА МЫРЗАТАЯ ЖОЛДАСБЕКОВА**

**Мырзатай Жолдасбеков родился 27 мая 1937 года в селе  
Актобе Таласского района Джамбулской области**

1944-1954. Поступил в среднюю школу в ауле Актобе Джамбулской области. Выпускник средней школы г. Карагату Джамбулской области.

1954-1955. Секретарь Аккольского сельсовета Джамбулской области.

1955-1960. Студент Казахского государственного университета им. С.М. Кирова.

1960-1964. Ассистент кафедры казахской литературы КазГУ им. С.М. Кирова.

1964-1967. Аспирант кафедры казахской литературы КазГУ им. С.М. Кирова.

1969. Защита кандидатской диссертации «Памятники древнетюркской письменности и их влияние на казахскую литературу», присуждение звания кандидата филологических наук.

1970-1974. Старший преподаватель кафедры казахской литературы, доцент КазГУ им. С.М. Кирова.

1974-1977. Декан филологического факультета КазГУ им. С.М. Кирова.

1977-1987. Ректор Талдыкорганскоого педагогического института им. И.Жансугурова.

1987-1988. Министр просвещения Казахской ССР.

1988-1989. Первый заместитель заведующего идеологическим отделом ЦК Компартии Казахстана.

1989-1990. Заведующий идеологическим отделом ЦК Компартии Казахстана.

1990. Член Президентского Совета Казахской ССР.

1990-1991. Государственный советник Казахской ССР по вопросам социального развития.

1990-1991. Депутат Верховного Совета Республики Казахстан 12-го созыва.

1991-1993. Заместитель Премьер-министра Республики Казахстан по вопросам социальной сферы.

1993. Советник Президента Республики Казахстан.

1993-1996. Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики

Казахстан в Исламской Республике Иран.

1996-1997. Ректор Высшей дипломатической школы МИД РК.

1997-2000. Ректор дипломатической академии МИД РК.

2000-2004. Ректор Евразийского Национального университета им. Л.Н. Гумилева.

2004-2006. Директор Научного центра гуманитарных исследований «Евразия» при Евразийском Национальном университете им. Л.Н. Гумилева.

2005. Президент Общественного Фонда «Евразийский Союз Ученых».

2006-2011. Директор Президентского центра культуры Республики Казахстан.

2012. Директор научно-исследовательского центра по изучению наследия Коркыта в КазНУИ.

### Звания и награды

#### Государственные награды

- Орден «Дружбы народов» (1986, август).
- Орден «Құрмет» (1996, декабрь).
- Орден «Парасат» (2005, декабрь).
- Орден «Барыс» III степени (2011, декабрь).
- Орден «Барыс» I степени (2017, май).

#### Юбилейные медали

- Медаль «10 лет независимости Республики Казахстан» (2001, декабрь).
- Медаль «К 100-летию М.А. Шолохова» (Россия, Москва. 2004, сентябрь).
  - Медаль «10 лет Конституции Республики Казахстан» (2005, август).
  - Медаль «10 лет Парламенту Республики Казахстан» (2006, январь).
  - Медаль «10 лет Астане» (2008, маусым).
- Медаль «20 лет независимости Республики Казахстан» (2011, декабрь).
- Медаль «25 лет независимости Республики Казахстан» (2016, декабрь).
- Медаль «20 лет университету Еуразия» (2016, декабрь).

## Ученые звания

- Кандидат филологических наук. Защита кандидатской диссертации в КазГУ им. С.М. Кирова на тему «Древнетюркские литературные памятники и их отношение к казахской литературе». Научный руководитель Б.Кенжебаев. (Алма-Ата, 1969)
- Доцент по специальности «Литературоведение». Решение ВАК (1973, октябрь).
- Доктор филологических наук. Защита докторской диссертации на тему «Жамбыл и его поэтические традиции». Научный руководитель З.Кабдолов.
- (Кыргызстан, Бишкек, 1993).
- Профессор. Решение ВАК. (1993, июль).
- Почетный профессор Жетысусского государственного университета им. И. Жансугурова (1994, декабрь).
- Почетный профессор КазГУ. Решение Ученого совета КазГУ. (1995, январь).
- Почетный профессор Международного Казахско-Турецкого университета им. Х. А. Ясави (1997, сентябрь).
- Академик Международной академии наук высшей школы (Россия, Москва. 2000, декабрь).
- Почетный профессор Карагандинского государственного университета им. Е.А. Букетова (2001, август).
- Академик Международной академии им. Ч.Айтматова (2003).
- Почетный профессор Таразского государственного университета им. М.Х. Дулати (2004, февраль).
- Почетный профессор Таразского педагогического института (2004, ноябрь).
- Почетный профессор Жезказганского государственного университета им О.А. Байконырова (2005, сентябрь).
- Почетный профессор Кызылординского государственного университета им. Коркыт Ата (2005, август).
- Почетный профессор Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова (2007, май).
- Почетный профессор Актюбинского педагогического института (2009, май).
- Почетный профессор Евразийского Национального университета им. Л.Н. Гумилёва (2009, декабрь).
- Почетный профессор Южно-Казахстанского государственного педагогического института (2015, октябрь).

## Почетные звания

- Лауреат «Қазақ қаһармандары жылы» (1991).
- Дипломатический ранг Чрезвычайного и Полномочного Посла Министерства иностранных дел Республики Казахстан (1994, ноябрь).
- «Алтын адам» (2006, февраль).
- «Человек года» (2016, январь).

## Общественная деятельность

- Член Союз журналистов СССР (1964, январь).
- Депутат Талды-Курганского областного совета народных депутатов (1984).
- Член Президиума Департамента аттестации научных кадров АН РК (1990).
- Президент Общественного Фонда «Евразийский Союз учёных» (2005).
- Член Государственной комиссии по работе и конкретизации по программе демократических реформы в Республике Казахстан. (2007).
- Член Национальной комиссии Республики Казахстан по делам ЮНЕСКО и ИСЕСКО (2008).
- Член совета директоров АО «Агентство «Хабар» (2014).
- Председатель Общественного совета по вопросам культуры и спорта Министерства культуры и спорта РК (2016, апрель).
- Член Центральной избирательной лингвистической комиссии Республики Казахстан по выдвижению кандидатов в Президенты Республики Казахстан (2010, март).
- Член правительской комиссии по земельной реформе (2016, май).
- Член независимого Совета директоров телеканала «Казахстан» (2017).
- Член национальной комиссии по реализации программы модернизации общественного сознания при Президенте Республики Казахстан (2017, апрель).
- Член независимого Совета директоров Ассамблеи народов Казахстана (2017).
- Член национальной комиссии при Правительстве Республики Казахстан по развитию и функционированию государственного языка.

## **Общественные награды**

- Занесен в почетную книгу Всесоюзного общества «Знание». (Москва. 1986, декабрь).
- Нагрудный знак «Почетный работник туризма Республики Казахстан» (Агентство Республики Казахстан по туризму и спорту. 2002, сентябрь).
- Международная премия имени Кюль-тегина (2004, июнь).
- Нагрудный знак «Почетный работник образования РК» (2007, май).
- Медаль «Алтын қыран» (2012, май).
- Золотая медаль «Ұлағат» Казахского государственного женского педагогического университета (2016, февраль).
- Диплом в номинации «Лучший писатель» творческого конкурса «Независимость. Литература. Писатель», приуроченный к 25-летию Независимости Республики Казахстан (2016, ноябрь).
- Нагрудный знак «Нұр Отан» (2016, декабрь).
- Золотая медаль TWESCO за вклад в развитие науки тюркского мира и укрепление связей и сотрудничества между братскими народами (2017, июнь).

## **Почетный гражданин**

- Жамбылской области (2003, май).
- Город Астана (2007, май).
- Город Алматы (2016, сентябрь).

## **MAIN DATES ABOUT LIFE AND ACTIVITIES OF MYRZATAY ZHOLDASBEKOV**

Myrzatai Zholdasbekov was born on May 27, 1937 in the village of Aktobe, Talas District, Dzhambul Region

1944 - 1954. Secondary school of Aktobe village in the Dzhambul region. School graduate in Karatau town, Dzhambul region.

1954-1955. Secretary of the Akkol Council of the Dzhambul region.

1955-1960. Student of the Kazakh State University named after S.M. Kirov.

1960-1964. Assistant of the Kazakh literature department of KazSU named after S.M. Kirov.

1964-1967. Graduate student of the Kazakh literature department of KazSU named after S.M. Kirov.

1969. The thesis for the Candidate's Degree "Monuments of ancient Turkic writing and their influence on Kazakh literature", awarded the degree of Candidate of philological sciences.

1970-1974. Senior Lecturer of the Department of Kazakh Literature of KazSU named after S.M. Kirov.

1974-1977. Dean of the Philological Faculty of KazSU named after S.M. Kirov.

1977-1987. Provost of the Taldykorgan Pedagogical Institute named after I.Zhansugurova.

1987-1988. Minister of Education of the Kazakh SSR.

1988-1989. First deputy of the head of the ideological department of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan.

1989-1990. Head of the ideological department of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan.

1990. Member of the Presidential Council of the Kazakh SSR.

1990-1991. State adviser of the Kazakh SSR on social development issues.

1990-1991. Deputy of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan of the 12th convocation.

1991-1993. Deputy Prime Minister of the Republic of Kazakhstan on social issues.

1993. Adviser to the President of the Republic of Kazakhstan.

1993. The thesis for the Ph.D. "Zhambyl and his poetic traditions".

1993-1996. Ambassador of the Republic of Kazakhstan to the Islamic Republic of Iran.

1996-1997. Provost of the Higher Diplomatic School of the MFA of the RK.

1997-2000. Provost of the Diplomatic Academy of the Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan.

2000-2004. Provost of the Eurasian National University named after L.N. Gumilyov

2004-2006. Director of the Scientific Center for Humanitarian Studies “Eurasia” at the Eurasian National University named after L.N. Gumilyov.

2005. President of the Public Foundation “Eurasian Union of Scientists”.

2006-2011. Director of the Presidential Culture Center of the Republic of Kazakhstan.

2012. Director of Research Institute named after Korkyt Ata at the Kazakh National University of Arts.

### Ranks and awards:

#### State awards

- The Order of People’s Friendship ( August, 1986).
- The Order of “Qurmet” (December, 1996).
- The Order of Parasat ( December, 2005 ).
- Order of “Barys”, the 3rd degree (December, 2011).
- The Order of Barys, the 1st degree ( May, 2017).

#### Jubilee medals:

- Medal “10 years of independence of the Republic of Kazakhstan” (December, 2001).
- Medal “To the 100th anniversary of MA Sholokhov” (Russia, Moscow, September, 2004).
- Medal “10 years of the Constitution of the Republic of Kazakhstan” (August, 2005).
- Medal “10 years to the Parliament of the Republic of Kazakhstan” (January, 2006).
- Medal “10 years of Astana” (June, 2008).
- Medal “25 years of independence of the Republic of Kazakhstan”

(December, 2016).

- Medal “20 Years of the University of Eurasia” (December, 2016).

#### Academic degree:

- Candidate of Philological sciences . The thesis for the Candidate’s Degree on “Monuments of ancient Turkic writing and their influence on Kazakh literature”. Supervisor B.Kenzhebayev. (Alma-Ata, 1969).
- Associate Professor in the specialty “Literary Studies”. The decision of the Higher Attestation Commission (October, 1973).
  - Doctor of Philological sciences. The thesis for the Ph.D. on “Zhambyl and his poetic traditions”. Supervisor Z.Kabdolov.
  - (Kyrgyzstan, Bishkek, 1993).
  - Professor. The decision of VAK. (1993, July).
  - Honorary Professor of Zhetsu State University named after I.Zhansugurova (December, 1994).
  - Honorary Professor of KazSU. The decision of the Academic Council of KazSU. (January, 1995).
  - Honorary Professor of the International Kazakh-Turkish University named after H.A. Yasawi (September, 1997).
  - Academician of the International Academy of Higher School Sciences (Russia, Moscow, December, 2000).
  - Honorary Professor of the Kazakh Literature Department of the Karaganda State University named after E.A. Buketova (August, 2001).
  - Academician of the International Academy named after Ch.Aitmatov (2003).
  - Honorary Professor of Taraz State University named after M.H. Dulati (February, 2004).
  - Honorary Professor of the Taraz Pedagogical Institute (November, 2004).
  - Honorary Professor of Zhezkazgan State University named after O.A. Baikonorov (September, 2005).
  - Honorary Professor of Kyzylorda State University named after Korkyt Ata (August, 2005).
  - Honorary Professor of the West Kazakhstan State University named after M.Utemisov (2007, May)
  - Honorary Professor of the Aktyubinsk Pedagogical Institute (May, 2009).
  - Honorary Professor of the Eurasian National University named after L.N. Gumilev (December, 2009).

- Honorary Professor of the South Kazakhstan State Pedagogical Institute (2015, October)

### Honours:

- Laureate of “Kazak kaharmandary zhylnamasy” (1991).
- Diplomatic rank of the Ambassador Extraordinary and Plenipotentiary of the Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan (November, 1994).
  - “Altyn Adam” (February, 2006).
  - “Man of the Year” (January, 2016).

### Public Activities:

- Member of the USSR Union of Journalists (January, 1964).
- Deputy of the Taldy-Kurgan Regional Council of People's Deputies (1984).
- Member of the Presidium of the Department of Attestation of Scientific Personnel of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (1990).
- President of the Public Foundation “Eurasian Union of Scientists”(2005).
- Member of the State Commission for Work and Specification of the Program for Democratic Reforms in the Republic of Kazakhstan. (2007).
- Member of the National Commission of the Republic of Kazakhstan for UNESCO and ISESESCO (2008).
- Member of the Board of Directors of JSC “Agency Khabar” (2014).
- Chairman of the Public Council for Culture and Sports of the Ministry of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan (April, 2016)
- Member of governmental Commission on the landed reform (May, 2016).
- Member of the independent Board of Directors of the TV channel “Kazakhstan” (2017).
- Member of the National Commission for the Implementation of the Program for Modernization of Public Consciousness under the President of the Republic of Kazakhstan (April, 2017).
- Member of the Independent Board of Directors of the Assembly of Peoples of Kazakhstan (2017).
- Member of the National Commission under the Government of the

Republic of Kazakhstan for the development and functioning of the state language.

### Public awards:

- Included in the honorable book of the All-Union Society “Knowledge”. (Moscow, December, 1986).
- Badge “Honorary Worker of Tourism of the Republic of Kazakhstan” (Agency of the Republic of Kazakhstan for Tourism and Sports, September, 2002).
- International Kül-Tegin Prize (June, 2004).
- Badge “Honorary Worker of Education of the Republic of Kazakhstan” (May, 2007).
- Medal «Altyn Qyran» ( May, 2012).
- Gold medal «Ulagat» of the Kazakh State Women’s Pedagogical University (February, 2016).
- Diploma in the nomination “The Best Writer” of the creative contest “Independence. Literature. Writer”, organized in the framework of celebrating the 25th anniversary of the Independence of the Republic of Kazakhstan (November, 2016).
- Badge “Nur Otan” (December, 2016).
- Gold medal of TWESCO for contribution to the development of the science of the Turkic world and strengthening of ties and cooperation between fraternal peoples (2017, June).

### Honorable Sir:

- Zhambyl oblast (May, 2003).
- Astana (May, 2007).
- Almaty (September, 2016).

Көрнекті қогам және мемлекет қайраткері, танымал тұлға, Төтенше және Өкілетті елші, ұлтшыл, мемлекетшіл азамат, ұлттық мәдениеттің қамқоршысы, ұлағатты ұстаз, белгілі түрколог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбекұлы 1937 жылы 27 мамырда Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ақтөбе ауылында дүниеге келді.

Әкесі Жолдасбек Ақботаұлы – келбетті, кіслікті, ағайынның ұйытқысы, өмірден тоқығаны көп, сауатты жан болған еken. Шешесі Қалдықұл Ырысқұлқызы ақындығы бар, ақжарқын, ажарлы, елге сыйлы кісі еken. Ұлы бабасы Темір би заманында Ақмешіттегі генерал-губернатордың билігін мойындамай, орысқа көнбей Теренөзектен Таласқа үдерес көшкен еken. Алыс-жақын ағайындар Жолдасбектің шаңырағына «Үлкен үй, Темір бидін шаңырағы» деп ағылш келіп жатады еken. Әкесі Жолдасбек көзінің оты бар бала Мырзатайды «Ойынның түбіне жеткен бала жоқ, одан да қариялардың әңгімесін тында, пайдасы тиеді» деп, үнемі жанынан тастамай, бірге алып жүреді еken. «Осы баланды жанынан тастамайсың» деген ағайынға құле карап: «Бірдене шықса осы жәумелегімнен шығады» деп отырады еken, жарықтық. Бала жастан қариялардың әңгімелерін тындалап, уызға жарып өскен Мырзатай кітапқұмар, құйма құлак, зерек болады.

Балалық шағы соғыс кезіне тап келген Мырзатай Жолдасбеков ауыр бейнеттің тауқыметімен тез есейеді. Ауыл мектебінде бесінші класты үздік бітіріп, қазіргі Тараз қаласына келіп, интернатка орналасады. 1954 жылы бұрынғы Шолақтау, қазіргі Қаратай қаласында оныншыны тәмамдап, Талас ауданы Ақкөл ауылдық кенесінде хатшы болып істейді. 1955 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, университте Мұхтар Әуезов, Нығымет Сауранбаев, Есмағамбет Үсмайлов, Бейсенбай Кенжебаев, Мәулен Балақаев, Мұхаметжан Қаратайев, Зейнолла Қабдолов секілді ғұлама ағаларынан тәлім алады, қазақ әдебиетінің алыптары Сәбит Мұқанов, Ғабит Мұсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділда Тәжібаев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Шахмет Құсайынов және тағы басқалармен танысып, араласа бастайды. Әсіресе, ұлы Мұхтар Әуезовтің үш жыл қатарынан ұзбей оқыған лекциялары болашақ ғалымның қалыптасуына ерекше ықпал етеді.

1960 жылы оқуды үздік бітіріп, Мұхтар Әуезовтың ұсынысымен

университетте оқытушы болып қалады, «Қазақ халқының ауыз әдебиетінен» төрт жылдай дәріс оқиды. 1964 жылы аспирантураға түсіп, профессор Бейсенбай Кенжебаевтың жетекшілігімен қазақ әдебиетін зерттеушілердің ішінде алғаш рет көне дәуір әдебиетін зерттеуге кіріседі. 1967 жылы жарияланған «Ертедегі әдебиет нұсқалары» деген окулық-хрестоматияның көне дәуірге арналған тарауларын жазады.

Мырзатай Жолдасбеков аспирантурада жүріп VIII ғасырда жазылған Орхон ескерткіштерінің қазақ әдебиетіне қатысын терен зерттеп, әдебиетіміздің көне тамыры Орхон ескерткіштерінде екенін, әдебиетіміздің тарихы мен тамырын сол кезеңнен бастаудың жөн болатының алғаш дәлелдеді. Марксизм-ленинизм ілімі дәурендер түрған шақта қыын, жана әрі тың тақырыпты еркін игерген талантты жас ғалым «Көне түркі әдебиет нұсқалары және олардың қазақ әдебиетіне қатысы» деген тақырыпта 1969 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап шықты. Түптеп келгенде бұл В.Радлов, С.Малов, И.Стеблева сынды ғалымдардың жетістіктері мен олқылықтарының орнын толтырған, байырғы түркі жазба ескерткіштерінің әлемдік мән-манзызын ашып берген үлкен ғылыми жаңалық болатын. Диссертациялық кеңестің реңми төрешісі, академик Әлкей Марғұлан сол ғылыми кеңесте: «Мырзатай Жолдасбековтің диссертациялық еңбегінің аса құндылығы қазақ әдебиетінің байырғы бастауларын ашқандығында, сондықтан бұл жұмысқа докторлық атақ беру керек», – деп, диссертациялық жұмысқа ете жоғары баға бергені де сондықтан.

Аузы дуалы ғұламалардан бата алған, әлемдік түркологияны елең еткізген жаңалықпен ғылымға келген, қазақ әдебиетінің бастау көздерін ашып берген жас ғалым бұдан кейін құлашын кенге сермеді. Ұзақ жылғы ізденіс «Асыл арналар» (1986 ж.) 2005 жылы Астанада жарық көрген «Орхон ескерткіштерінің толық Атласы» атты кітапқа ұласты. Түрколог-ғалым Сартқожаұлы Қаржаубаймен бірігіп жазылған бұл еңбек әлемдік түркология ғылымының ғасыр толғатып дүниеге әкелген мұрасы ретінде бағаланды.

Ғылым шынына баспалдақ қойған М.Жолдасбеков сегізінші ғасырда тасқа қашалып жазылған Құлтегін, Білге қаған, Тұй-ұқық (Тонықөк), Өнгін (Онгин) мәтінін қазақша сөйлетіп, алғаш рет жыр нұсқасын жеке кітап етіп шығарды, іскерлігімен де танылдып, 1974 жылы ҚазМУ-дін

филология факультетінің деканы болып сайланады. Осыдан бастап ол шын ұстаздық, ғұламалық жолға түседі. «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі», «Жамбыл және халық поэзиясы», «Көне түркі әдеби ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы» деген лекциялық курстарды негіздең, оқу бағдарламасын жазып шығарады.

Мырзатай Жолдасбеков – XIX-XX ғасырлардағы тарихи-әдеби үрдіс ерекшеліктері, фольклор мен әдебиеттің ортақ сарындары мен айырмашылықтары туралы да өндіріп жазды. Ол – көрнекті жамбылтанушы, халық шығармашылығының бірден-бір зерделі, салиқалы зерттеушісі. 1993 жылы «Жамбылдың ақындық мектебі» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. «Жұз жыл жырлаған жүрек» (1993), «Асыл сөздің атасы» (1993), «Халық поэзиясының алыбы» (1996), «Тоқсан толғау» (1993) «Ел тағдыры – ер тағдыры» (1997), «Асылдарым» (2011) дейтін іргелі еңбектер жазды. Сүйінбай, Жамбыл, өзге де Жетісү ақындарын зерттеудің мектебін қалыптастыруды. Жыраулық дәстүр мен суырыпсалма ақындықтың соңғы алыптары Жамбыл мен Кененге арналған монографиялары поэзияны, әдебиетті танытудың айқын үлгісіне айналды. Жамбылды да, Кененді де халқына қайта танытты.

*Салынып сөлем жағдым Мырзатайта,  
Баласың соғыс шешен, тілің маңда.  
Көрмалы, қорғаушысы бол ақындағы,  
Матаң да көп еңбек қып тиіді пайдан.  
Өз жүзі көрсеткендей өз көлбетін,  
Жілтісін алтын соғді, асмұт алғына, ~*

деп, Кенекеннің тебіренетіні де сондықтан.

Мырзатай Жолдасбеков 1977 жылы Талдықорған педагогикалық институтының ректоры болып тағайындалды. Бұл жылдары институтқа Илияс Жансүгіровтың есімі берілді, ақынның музейі ашылды, «Жетісү» ансамблі құрылды, Молықбайдың қобызы, Бақтыбайдың домбырасы, Мұқан Төлебаевтың “Біржан-Сара” операсын жазған фортепианосы табылды. Аз уақыттың ішінде институт Одақтағы мандайалды іргелі білім ордасына айналды. Қайда барса да, қандай қызметте жүрсе де мемлекет мүддесін, ел тарихын бір сәт естен шығармайтын Мырзатай Жолдасбеков Талдықорғанда болған он бір жылдың көлемінде талай тағылымды істің басын кайырды.

Ғасырлар аңсап, талықсытып барып жеткен тәуелсіздіктің тұғырлы

болуы жолында, жас мемлекеттігімізді баянды етуде Мырзатай Жолдасбеков қаламы мен қайратын қару етіп, жанқиярлықпен аянбай тер төкті. Еліміздің тарихындағы осы бір шешуші кезеңде үлкен саясат сахнасына өз ойыменен, парасат-пайымымен, өзіндік кескін-келбетімен шықты. Аласапыран кезеңде терең білім мен ұстаздық мол тәжірибе кәдеге асты. Ол 1987 жылдың аяғынан 1993 жылдың ортасына дейін – Оку министрі, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің идеология бөлімінің менгерушісі, Президенттік кеңестің мүшесі, Мемлекеттік кеңесші, Премьер-министрдің орынбасары, Президенттің кеңесшісі болды. Мырзатай Жолдасбеков келгеннен кейін елу жылды бойы өзге ұлт өкілі басқарып келген идеология бөлімі қазақтың мұддесіне, оның ұлттық идеясына қызмет етті. Ұлттық санада серпіліс болды. Халықтың рухы көтерілді. Сен бұзылып, ұлттық идеяны насиҳаттаған кітаптар шыға бастады. Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз жалпыхалықтық сипатта, мемлекеттік деңгейде алғаш рет аталаған өтілді. Бабаларға арнап ас берілді. Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына арналған салтанатты жиында: «Біз үлкен іске бел шеше кіріскелі тұрган жұртпыш. Ұлттық сана-сезім оянып, арғы-бергі тарихымызға көз жібере бастадық, ешкімге де есе жібермейтін еңелі ел екенімізді, ұйыған ұлт бола алатынымызды бағамдай бастадық. Жоғары жақ не айтса да сеніп, не десе де көніп, құлақты бір қағып қойып, қолымызды қайырып жүре беретін кешегі қор күніміз келмеске кетіп барады. Егеменді ел атандық. Осындай тұста болашақпен қоса өткенге де үніліп, алдағының тәуекелін арттағының тәжірибесімен жалғастыруға ұмтылсақ, оның несі айып?» деп сөйлеген Мырзекен, сол жылдары Қабанбайдың, Сыпаратайдың, Бөгенбайдың тойларының дүркіреп өтуіне мұрындық болды.Халықтың өз дүниесімен жасалған бұл тойлар бірқатар уақыт бойы елдің көнілін аулады. Сол тойлардың басы-қасында жүрген Мырзатай Жолдасбеков тойды тек тойлау үшін емес, алдағыны ойлау үшін өткізген еді. Осылайша Мырзекен ата тарихымыздың, салт-дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыздың, санамыздың қайта түлеуіне ересен енбек етті. Мырзатай Жолдасбековтың тікелей атсалысуымен Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бекейханов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды Алаш ардагерлері акталды.

Бұрын жауапты партия органдарында жұмыс істеп көрмеген, сондықтан орталықтың алдында тайсақтап-тайсалуды, иіліп-именуді білмейтін Мырзекен ұлт зиялъяларымен етене, қоян-қолтық араласып жұмыс істеді. Желтоқсан оқиғасынан кейін сескеніп, қазақтан қорқып қалған Колбиннің буыны осал жерін тауып алғып, оны қазақтың мұддесі жолында онтайлы пайдалана білді. Қажет жерінде өзі жанында жақсы көретін ұлты үшін отқа тұсуден де тартынған жоқ. Мәселен, тіл туралы,

қазақ тілінің тағдыры туралы Колбинге жазған хатын кейін академик Әбдуәли Қайдаров ағамыз «тарихи хат» деп бағалаған еді.

Алғашқы терминологиялық комиссия мен ономастикалық комиссияны басқарып, мемлекеттік маңызы бар келелі мәселелерді шешті. Қазақ тілінің мәртебесін көтеретін «Тілдер туралы занның» қабылдануына, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына ықпал жасады. 1990 жылы «Қазақ тілі» қоғамының пленумында сөйлеген сөзінде Мырзатай Жолдасбеков: «Ана тіліміз мемлекеттік мәртебе алды, халықтың көптен көксеген бір арманы орындалды. Бірақ бұл үлкен істін басығана. Мемлекеттік мәртебе алысымен тілдің көсегесі өздігінен көгерे қалмайтыны түсінікті. Енді нақты істің уақыты туды. Өзімізді-өзіміз кадірлейтін іргелі ұлт екенімізді танып, ана тіліміздің касиетін қастерлей білсек, беделін биіктетіп, абыройын асқақтатып отырсақ, анамыздың ақ сүтіндей ардақтай алсак, қазақ тілі шын мәніндегі егеменді мемлекеттің ту етіп ұстар тіліне айналады; бүгінгі мәртебеге малданып, арзан сөзге алданып, нақты іспен айналыспай, намысқа шаппай, жайбаракат журе берсек, ана тілімізде не өзіміз жарытып сөйлемесек, не ұл-қыздарымызға, немерелерімізге жөндеп үйретпесек, бұл тілдің аты мемлекеттік болғанымен, заты бәзбаяғы күйінде қала береді» деп төрекнен толғап сөйледі.

Қазақ мәдениетінің шынайы жанашыры, ұлттық рухтың қайта жанғыруына өлшеусіз үлес қосқан Мырзекен осы жылдары қазақ халқының ардақты ұлдарының бірі Өзбекәлі Жәнібековпен иық тіресе жүріп қыруар іс тындырды. Сондықтан Мырзатай Жолдасбеков есімі Темірбек Жүргенов, Илияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібеков сынды қазақ мәдениетінің кайыспас қаранарларымен қатар аталады.

Ел тағдыры сынға түскен аласапыран әрі аумалы-төкпелі кезенде Мырзатай Жолдасбеков үнемі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жанында болды. Президенттің таққа отыру рәсімін (инаугурация), Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайын абыроймен откізді. Жанаозендеңі, Өскемендеңі оқиғалардың бел ортасында жүрді. Жер-жерде ұлт араздығын қоздыруши арандаушылар атойлап шыққан кезде, мәмілегерлік мінез танытты. Мемлекеттік рәміздерді қабылдау, оралмандар көшінің Қазақстанға жол тартуы, Мемлекеттік атақтар мен наградалар жүйесінің түзілуі, қоғамдық ұйымдар мен Елбасы арасындағы байланыстың жүйелі өрбүі – осындай сүбелі істердің бәріне де Мырзатай Жолдасбеков тікелей атсалысты.

Тұмысынан шешен, не жазса да, не айтса да тек ел мұддесі мен ұлттың тағдырын арқау ететін Мырзатай Жолдасбеков «Бауыржан Момышұлының туғанына 80 жыл толуына арналған салтанатты жында сөйлеген сөзінде «Ерлер тағдыры – ел тағдырын тұйықтан шығаруға

бағытталған табанды курес. Ер қадірі ел қысылғанда ғана білінеді. Елін қысылтпай, қиямет-кайымға өзі бас тігу ердің ғана қолынан келеді...» деген ой айтты. Өзекжарды кітабын «Ел тағдыры – ер тағдыры» деп атауда содан болса керек.

«Ел тағдыры – ер тағдыры» кітабында мынандай жолдар бар: «Қолдан не келді, не келмеді – оны ел біледі, келешектің бағасына қалдырым. Десе де, ойлап қарасам, аз жұмыс атқарылмаған екен: халықтың ойсанасы өзгерді, төл мәдениеті, тарихы жаңғырды, қасиетті жер өзінің тарихи атауларымен аталды. Осының бәрі айтуға женіл, орындалуы оңайға түскен жоқ – ұйқысыз тұндердің, тынымсыз құндердің жемісі еді бұл. Ұлтшыл да атандық. Шынында ұлтшыл деген жақсы сөз – ұлтын сую деген сөз. Бұдан артық қандай құнды, қандай биік, қандай мағыналы сөз бар! Сондықтан да ұлтшыл дегенге мен шамданғаным жоқ, керісінше мақтандын сезімге бөлендім». Иә, ұлты үшін саналы ғұмырын сарп еткен Мырзатай Жолдасбеков – ең алдымен ұлтын жаңындағы жақсы көретін ұлтшыл азамат, не нәрсені болмасын мемлекет мүддесі тұрғысынан ойлайтын мемлекетшіл тұлға. Құнделік бетіне «Мен қазақпын, халқымды жаңымдай сүйетін перзенттердің бірімін. Сондықтан да мен елімнің тілі, рухы, ары, тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі, байтақ жері үшін күресуім керек. Осы тұрғыдан алғанда бүгінге дейін не бітірдім деп толғанатының, ойлайтының сөзсіз» деп жазған ұлтшыл Мырзатай Жолдасбеков, ел қамы үшін аттан түскен емес. Елінің тағдырын ой елегінен өткізеді, халқының болашағына аландайды, кісілік туралы толғанады, соның бәрін парықтап-пайымдайды. Ол үнемі халықтың ауызбіршілігін, ынтымағын ойлап, елді бірлікке, ынтымаққа шақырумен келеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Сырым Дағұлының мерейтойында сөйлеген сөзінде: «Талай боздақтың азаттық үшін төгілген пек қанына белшеден суарылған белгілі өлкеде азаттық пен тәуелсіздік майданының ең алғашқы сардары, ең бірінші бас қолбасшысы Сырым баба Дағұлының асында біріміз туған топыракты біріміз сүюге, біріміз сыйынған аруакқа біріміз табынуға келіскеңіміз дұрыс болар еді. Өйтпесек, шықсақ – шығар тауымыз бір, жығылсақ – жатар шұңқырымыз бір, бір ауызды, бір тілекті, бір тұтас ел бола алмаймыз... Сөз білмейтін жаманнан қунде женіліп, сөз білетін жақсыдан сағы сынып көрмеген Сырым баба аруағы алдында елдікті оиласақ, есерлік пен ездіктен, бірлікті оиласақ, беталдығайбат бейпілдіктен бірдей тыйылайық деп бәтуаласайық» деп ағынан жарылған еді.

Мырзатай Жолдасбеков 1993 жылғы тамыздан – 1996 жылдың желтоқсанына дейін Қазақстанның Иран Ислам республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі болып, Тегеранның төріне еліміздің көк

байрағын алғаш рет желбіретті, ата-бабасының қолы жетпеген елшілік қызметті абыраймен атқарды. Елге оралғаннан кейін 1997 жылы тұнғыш ашылған Дипломатиялық Академияның алғашқы ректоры және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары болды.

